

«АЗАМАТТАРҒА  
АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»  
МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



НЕКОММЕРЧЕСКОЕ  
АКЦИОНЕРНОЕ  
ОБЩЕСТВО  
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ  
КОРПОРАЦИЯ  
«ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ  
ГРАЖДАН»

Управление регистрации прав на недвижимое имущество и юридических  
лиц филиала некоммерческого акционерного общества  
«Государственная корпорация «Правительство для граждан» по городу  
Нур-Султан

Справка о государственной перерегистрации юридического лица

БИН020240003004

г. Нур-Султан

10.12.2014

**Наименование:** Акционерное общество "Казтехнологии"

**Местонахождение:** Казахстан, город Нур-Султан, район Есиль, ул.  
Керей, Жәнібек хандар, зд. 12А

**Руководитель:** Руководитель, назначенный (избранный)  
уполномоченным органом юридического лица  
АКБАЕВ ДАРХАН ТОЛЕУГАЛИЕВИЧ

**Учредители  
(участники):** Республиканское государственное учреждение  
"Министерство цифрового развития, инноваций и  
аэрокосмической промышленности Республики  
Казахстан"

**Дата первичной  
государственной  
регистрации** 22.02.2002

Справка является документом, подтверждающим государственную  
перерегистрацию юридического лица, в соответствии с  
законодательством Республики Казахстан

Руководитель  
регистрающего  
органа:



Дата выдачи:

09.07.2020 \*

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН  
ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



НЕКОММЕРЧЕСКОЕ  
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ  
КОРПОРАЦИЯ  
«ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ  
ГРАЖДАН»

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Нұр-Сұлтан қаласы  
бойынша филиалының Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және  
заңды тұлғаларды тіркеу басқармасы**

**Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама**

**БСН020240003004**

Нұр-Сұлтан қ.

10.12.2014

**Атауы:** "Қазтехнологиялар" акционерлік қоғамы

**Орналасқан жері:** Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы,  
Керей, Жәнібек хандар көшесі, 12А ғим.

**Басшы:** Заңды тұлғаның уәкілетті органымен  
тағайындалған(таңдалған) басқарушы АҚБАЕВ  
ДАРХАН ТОЛЕУГАЛИЕВИЧ

**Құрылтайшылар  
(қатысушылар):** "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму,  
инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрлігі" республикалық мемлекеттік  
мекемесі

**Алғашқы мемлекеттік  
тіркеу күні:** 22.02.2002

**Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды  
тұлғаның қайта мемлекеттік тіркеуден өткенін растайтын құжат болып  
табылады**

**Тіркеу органының  
басшысы:** Ахметжанов Д.

**Берілген күні:** 09.07.2020

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫНЫҢ НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША  
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ  
ЖӨНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 20 ж. « 09 » 07

БСН 020220003004

№ 759 1901-1090-02 70

Бастапқы тіркелген күні

20 02 ж. « 01 » 02

«Қазақстан инженеринг» ҰК» АҚ  
Жалғыз акционері -  
Директорлар кеңесінің  
2020 жылғы « 9 » 06  
шешімімен (хаттама № 5 )  
БЕКІТІЛГЕН

## «ҚАЗТЕХНОЛОГИЯЛАР» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы, 2020 жыл

## 1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Жалпы ережелер

1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

2. Осы Жарғы «Қазтехнологиялар» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін белгілейтін құрылтай құжат болып табылады.

3. Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен танысуға құқылы. Мүдделі тұлғаның талабы бойынша Қоғам оған осы Жарғымен, соның ішінде оның келесі өзгерістері және толықтыруларымен танысуға мүмкіндік беруге міндетті. 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғам акционердің оған осы Жарғының көшірмесін беру туралы талабын орындауға міндетті.

### 2-бап. Қоғам мәртебесі

4. Қоғам заңды тұлға болып табылады. Қоғамның меншік түрі – жеке.

5. Қоғам өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікті иеленеді және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ акционер де Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметімен байланысты шығындарға өзіне тиесілі акциялардың құны шамасында ғана тәуекел етеді.

Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шеңберінде жауапты.

6. Қоғамның дербес теңгерімі, банк шоттары, мемлекеттік және орыс тіліндегі атауы көрсетілген мөрі мен мөртабандары бар.

Қоғамның фирмалық атауы бар. Сонымен қатар Қоғамның корпоративті логотипі, жалауы және де үлгілік нышаны белгіленген тәртіппен бекітіліп, тіркелетін өзге де даралану құралдары болуы мүмкін.

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіпте заңды тұлғалар болып табылмайтын, Қоғам атынан және оның тапсырмасы бойынша өз Ережелері негізінде әрекет етіп, Қоғамнан тыс жерде орналасқан филиалдарды (өкілдіктерді) құруға құқылы.

### 3-бап. Қоғамның атауы және орналасқан жері

9. Қоғамның толық және қысқаша атауы:

1) мемлекеттік тілде:

- «Қазтехнологиялар» акционерлік қоғамы;

- «Қазтехнологиялар» АҚ.

2) орыс тілінде:

- Акционерное общество «Казтехнологии»;

- АО «Казтехнологии».

10. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:  
010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, 12А.

#### **4-бап. Құрылтайшы және Қоғамның Жалғыз акционері**

11. Қоғам құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

12. Қоғамның Жалғыз акционері «Қазақстан инжиниринг» («Kazakhstan Engineering») Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Жалғыз акционер) болып табылады.

#### **5-бап. Қоғам қызметінің мақсаты, негізгі бағыттары мен түрлері**

13. Қоғам қызметінің мақсаты өзіндік шаруашылық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде таза табысты алу болып табылады.

14. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

1) босатылған оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (жою, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу;

2) босатылған оқ-дәрілерді, қару жарақтарды, әскери техниканы, арнайы құралдарды және кәдеге жарату және бұрғылау-жару жұмыстары саласында ғылымды көп қажет ететін өнім мен өндірісті құру жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу;

3) жеке меншік мүлікті жалға беру және басқару;

Тізбесі заңнамалық актілермен анықталатын кейбір қызмет түрлерімен Қоғам тек лицензия негізінде ғана айналыса алады.

15. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасына, іскерлік этиканың көпшілік қабылдаған қағидаттарына (әдеттеріне), Жарғыға, өзінің шарттық міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырады.

## **2-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

#### **6-бап. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері**

16. Қоғамның Жалғыз акционері құқылы:

1) Заңмен және (немесе) осы Жарғымен көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде оның қаржы есептілігімен танысуға;

4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан өзінің Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын көшірмелер алуға;

5) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен дау айтуға;

7) Заңмен көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға келтірген залалын өтеуі, және де жасауында қызығушылығы бар мәмілелерді және (немесе) ірі мәмілелерді жасау туралы шешім (жасау туралы ұсынысты) қабылдау нәтижесінде Қоғамның лауазымды

тұлғалары және (немесе) олардың үлестес тұлғалары алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талап қойып арыздануға;

8) Қоғамға өзінің қызметі туралы жазбаша өтінішпен жүгінуге және Қоғамға сұрау түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауап алуға;

9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

11) Директорлар кеңесінің отырысын шақыртуды талап етуге;

12) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге

13) Заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауға;

14) заңнамада белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғамның атқарушы органының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпарат алуға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес өзге де құқықтарды пайдалануға.

Жалғыз акционердің осы Жарғының тармағында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

17. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) Заңмен белгіленген тәртіпте акцияларды төлеуге;

2) орталық депозитарийді және (немесе) осы акционерге тиесілі акцияларды атаулы ұстаушыны Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы он жұмыс күні ішінде хабардар етуге;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге міндеттерді орындауға міндетті.

Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) Қоғам акцияларын нақтылы ұстаушы Жалғыз акционердің Жарғының осы тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамағаны салдары үшін жауап бермейді.

### **3-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ МЕН ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ**

#### **7-бап. Қоғамның мүлкі мен капиталы**

18. Қоғамның мүлкі мыналардың есебінен құралады:

1) акцияларды төлеуге акционер берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде алынған табыс;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынған өзге мүлік.

19. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

## 4-ТАРАУ. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

### 8-бап. Қоғам органдарының тізбесі

20. Қоғам органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғарғы орган – Қоғамның Жалғыз акционері;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма Төрағасымен басқарылатын Басқарма (алқалы орган);
- 4) Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілеріне және осы Жарғыға сәйкес өзге де органдар.

### 9-бап. Жалғыз акционер

21. Заңмен және Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде рәсімделуге тиіс.

22. Жалғыз акционердің шешімі тиісті құжаттармен бірге тігіледі. Бұл құжаттарды Қоғам сақтап, кез келген уақытта акционерлердің карауына ұсынуы керек. Акционердің өтініші бойынша оған Жалғыз акционер шешімінің көшірмесі беріледі.

23. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

- 1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа басылымда бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акциялары санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімі мен тәртібін айқындау;
- 8) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қоса Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылардың және шығындарының өтемақыларын төлеудің мөлшері мен шарттарын анықтау;
- 9) Директорлар кеңесі туралы Ережені бекіту
- 10) Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, олардың өкілеттіктерінің мерзімін, лауазымдық жалақыларының мөлшерін, өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған кездегі өтемақы төлемдерін, сыйақы төлеу тәртібін белгілеу туралы шешімдер

кабылдау, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарға сәйкес Басқарма Төрағасы мен мүшелерімен еңбек қатынасын тоқтату туралы шешім қабылдау;

11) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

12) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін бекіту;

13) Қоғамның есептік қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

14) Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдау;

15) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

16) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы, не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

17) Заңнамаға және оған енгізілген түзетулерге сәйкес оларды ұйымдастырылмаған нарықта Қоғам сатып алған кезде акциялардың құнын анықтау әдістемесін бекіту;

18) «алтын акцияны» енгізу мен күшін жою;

19) нәтижесінде оның активтерінің жалпы баланстық құнының елу және одан көп пайызын сатып алған немесе иеліктен шығарған (сатып алынған немесе жойылған) оның құны мәміле туралы шешім қабылданған күнгі Қоғам активтерінің баланстық құнының елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алады немесе иеліктен шығарады мүлікті (сатып алуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) оның нәтижесінде Қоғам қайсысы (қайсысылары) ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау

20) Қоғамның жасалуына мүддесі бар ірі мәмілені жасасуы туралы шешім қабылдау.

Қоғамның мүдделі мәмілені жасасуы туралы шешімді жалғыз акционер немесе қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғамен егер серіктестіктің директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса қабылданады және (немесе) шешім қабылдауға қажетті дауыстар санының болмауына байланысты директорлар кеңесі мұндай мәміле жасау туралы шешім қабылдауы мүмкін емес.

21) Жалғыз акционер анықтаған тізімге сәйкес Қоғамның қызметін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

22) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерін, оның ішінде Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау мен сыйлықақыларды беру шығындарын, іссапар шығыстарын өтеу нормаларын, өкілдік шығыстарды, қызметтік көлік құралдарының жай-күйін, әкімшілік кеңсе аумақтарын, сондай-ақ телефон байланысын пайдалану нормаларын айқындау;

23) Жалғыз акционер бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес Жалғыз акционердің құзыретіне қатысты шешімдер қабылдау;

24) Қоғамның тауарлар, жұмыстар және қызметтерін сатып алу ережесін бекіту (егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе);



25) Қоғамның саясатын, оның ішінде инвестициялық, дивидендтік, кадрлық және басқаларды бекіту;

26) Қоғамның Даму жоспары мен бюджетін әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және мониторинг жүргізу ережелерін бекіту;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

24. Егер Заңнамада және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

25. Жалғыз акционер, егер жарғыда өзгеше көзделмесе, Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

### **10-бап. Директорлар кеңесі**

26. Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің шешімімен сайланады және Заңда және (немесе) осы Жарғыда Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамға жалпы басшылықты жүзеге асырады және Жалғыз акционердің шешімімен бекітілген Директорлар кеңесі туралы ереженің негізінде әрекет етеді.

27. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;

2) Қоғамның Даму жоспарын бекіту, оны өзгерту мен толықтыру және оны жүзеге асыруға мониторинг жасау;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, акцияларды орналастыру (сату), соның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) әдісі мен құны туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту, соның ішінде өткен қаржылық жыл бойынша Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және бір жыл ішіндегі Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері жөнінде ұсыныс беру;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) Директорлар кеңесі комитеттерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, олардың жетекшілері мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

8) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Басқарма Төрағасының, Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің және Корпоративтік хатшының сыйақысы/сыйлықақысы және әлеуметтік қолдауы туралы шешім қабылдау;

9) Басқарма Төрағасы мен мүшелерін тәртіптік жауапкершілікке тарту және жұмыстан шеттету, оның қызметінің кілттік көрсеткіштері мен олардың мақсаттық мәндерін бекіту, көтермелеу (сыйақы) туралы шешімдер қабылдау;

10) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйақы төлеудің, әлеуметтік қолдаудың мөлшері мен шарттарын белгілеу, сондай-ақ Қоғамның Ішкі аудит қызметі басшысы үшін қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, жалақы мөлшерін, сыйақы төлеу және әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау, сондай-ақ Директорлар кеңесі бекіткен Корпоративтік хатшы туралы ережеге сәйкес корпоративтік хатшының мақсаттық картасын бекіту;

12) қаржылық есеп аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сонымен қатар Қоғам акцияларын төлеу үшін берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтері үшін төлемақы мөлшерін анықтау;

13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде аукциондарды өткізудің және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылудың шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес пайызынан кем болатын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы, не болмаса өзге заңды тұлғалар қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16) осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғалардың он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алу (иеліктен шығару), сенімгерлік басқаруға беру (алу) туралы шешім қабылдау.

17) акцияларының он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне байланысты қызмет туралы шешім қабылдау;

18) Қоғам міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға арттыру;

19) Қоғам туралы немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

20) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына сәйкес қорытынды туралы шешімі Жалғыз акционермен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның мүддесі бар мәмілелерді және ірі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

21) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту және Қоғамның Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарап, олар бойынша шешім қабылдау;

22) Жалғыз акционермен белгілеген тәртіппен Қоғам бюджетін (1 жылдық бизнес-жоспарын) бекіту;

23) Қоғам қызметкерлерінің жалпы санын және ұйымдастырушылық құрылымын бекіту;

24) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

25) Қоғамның корпоративтік басқару тиімділігін бағалау,

26) іскерлік этика кодексін бекіту және оның ережелерін сақтауды қамтамасыз ету;

27) Жалғыз акционермен немесе Директорлар кеңесімен бекітілген ішкі құжаттарға сәйкес Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын шешімдерді қабылдау;

28) Қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі құжаттарын және тәртіптемелерін (Қоғамның ішкі құжаттарымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда) бекіту, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша есептерді қарау және бекіту;

29) ішкі бақылау жүйесін реттейтін Қоғамның ішкі құжаттары мен рәсімдерін бекіту (Қоғамның ішкі құжаттарымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда), сондай-ақ ішкі бақылау жүйесі туралы есептерді қарау және бекіту;

30) Қоғам Басқармасының немесе Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша Қоғаммен жалғыз акционердің қарауына ұсынылатын мәселелерді алдын-ала қарау мен мақұлдау;

31) Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген шектерде демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы шешім қабылдау;

32) Жалғыз акционерге ұсыну үшін Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есепті дайындау және бекіту;

33) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған басқа мәселелер.

28. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғам Басқармасының шешуіне беруге болмайды.

29. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

### **11-бап. Директорлар кеңесінің құрамы**

30. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) Қоғамның осы Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге адамдарға беруге құқылы емес.

31. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың арасынан сайланады:

1) Жалғыз акционердің мүдделерін білдіруші ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) тұлғалар;

2) Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) тұлғалар.

32. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

33. Сотталған немесе заңда белгіленген тәртіппен шығарылмаған тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алмайды.

34. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

35. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

### **12-бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі**

36. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар шектеусіз бірнеше рет қайта сайлануы мүмкін.

37. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді.

38. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешімі қабылданған күннен бастап аяқталады.

39. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттіктері Жалғыз акционердің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

40. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылатын күн көрсетілмесе, Директорлар кеңесі хабарлама алғаннан кейін тоқтатылады.

41. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады, ал Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтастай алғанда Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

42. Директорлар кеңесі тәуелсіз мүшелері мен Қоғамның арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, келісімшарттармен жасалады.

### **13-бап. Директорлар кеңесінің төрағасы**

43. Директорлар кеңесінің Төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен сайланады.

44. Директорлар кеңесінің Төрағасы:

- 1) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады, оларда төрағалық етеді;
- 2) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

3) Директорлар кеңесінің отырыстарын жүргізеді;

4) Қоғам атынан Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларымен және Жалғыз акционер тағайындаған Басқарма Төрағасымен еңбек шартын жасасады.

5) заңнамамен, осы Жарғымен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

45. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

#### **14-бап. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру**

46. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша немесе келесілердің өтініші бойынша шақырылуы мүмкін:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;

3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

4) Жалғыз акционердің

47. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібімен тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Қоғамның Басқармасына жүгінуге құқылы, ал ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешікпей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

48. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама мен отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күннен кемінде жеті күнтізбелік күн бұрын жіберілуі тиіс.

Ерекше жағдайларда материалдар Директорлар кеңесі Төрағасының шешімі бойынша басқа мерзімдерде жіберілуі мүмкін.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі мен ондағы мәселелер бойынша шешім жобалары болуы тиіс.

Ірі мәмілені және (немесе) оны жасауда қызығушылық бар мәмілені жасау туралы шешім қабылдау мәселесі қарастырылған жағдайда мәміле туралы ақпарат құрамында мәмілені жасайтын тараптар, мәмілені орындау мерзімі мен шарттары, қатысушы тұлғалардың қатысу жарнасының сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Заңмен көзделген жағдайда) болуы тиіс.

49. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Басқармасын өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса аламайтыны туралы алдын ала хабардар етуге міндетті.

50. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдау тәртібін Директорлар кеңесі анықтайды.

### **15-бап. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу тәртібі**

51. Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі, оның ішінде күнтізбелік күнтізбелік отырыста қаралатын мәселелер тізбесі. Директорлар кеңесі отырыстарын өткізу үшін жылына 8-12 отырыс өткізу ұсынылады. Мұқият және толық талқылауды, қабылданған шешімдердің уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ету үшін жыл ішінде қарауға жоспарланған мәселелердің біркелкі таралуы ұсынылады.

52. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу кворумы Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде жартысын құрайды және отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерін бейнеконференция (интерактивті), конференц-байланыс (директорлар кеңесі мүшелерінің телефонмен сөйлесу режимінде бір уақытта сөйлесу) арқылы есепке алатындығын ескере отырып анықталады; коммуникацияның басқа құралдары, сондай-ақ Директорлар кеңесінің болмаған мүшелерін ескеру (жазбаша түрде берілген дауыстары болған кезде).

53. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жету үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы өтінішпен жүгінуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері аталған өтінішті Жалғыз акционерге жолдау туралы ғана шешім қабылдауға құқылы. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

54. Дауыс беруді Директорлар кеңесінің бір мүшесінің Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне немесе басқа тұлғаға беруіне жол берілмейді.

55. Егер дауыстар тең болса, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

56. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне, егер материалдарды ұсыну мерзімін бұзудың себептері туралы толық мәлімет берілмесе, Директорлар кеңесі Төрағасына материалдар көрсетілген мерзім бұзыла отырып енгізілген мәселелер кірмейді.

57. Директорлар кеңесінің бір отырысының күн тәртібіне енгізілетін мәселелердің саны оннан аспауы керек. Ерекше жағдайларда, Директорлар кеңесінің төрағасы қосымша мәселелерді енгізуді мақұлдай алады.

58. Директорлар кеңесінің мүшелері мен отырысқа қатысушыларды хабардар ету, сондай-ақ оларды қажетті материалдармен қамтамасыз ету Корпоративтік хатшыға, ал Корпоративтік хатшы болмаған жағдайда Қоғамның қызметкеріне жүктеледі.

59. Директорлар кеңесі жеке отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алады.

60. Директорлар кеңесінің шешімдері бетбе-бет немесе сырттай дауыс беру арқылы өткізілуі мүмкін, ал сырттай дауыс беру жиналыстарының саны барынша азайтылуы керек.

61. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тек Директорлар кеңесінің отырыстарында ғана жүзеге асырылады.

62. Ерекше жағдайларда, Директорлар кеңесі отырысының екі нысанын біріктіруге болады (аралас дауыс беру). Бұл Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатыса алмайтын жағдайға қатысты.

63. Жарғының 10-бабы 27-тармағының 1), 2), 5), 7) - 13), 17) - 19), 23), 25), 26), 30) 31), 34), тармақшаларында, сондай-ақ кадр мәселелерін қарау кезінде қарастырылған мәселелерді қарау кезінде Директорлар кеңесінің отырысын сырттай немесе аралас дауыс беру арқылы өткізуге жол берілмейді.

64. Сырттай дауыс беру арқылы жиналыс Директорлар кеңесінің кез келген мүшелерінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін. Жиналысты сырттай өткізу туралы өтініш Директорлар кеңесінің Төрағасына (және оны өткізуден бас тартқан жағдайда, Басқармаға) жазбаша түрде жіберіледі және дауыс беруге қойылған нақты және біркелкі тұжырымдалған сұрақ (сұрақтарды) қамтиды.

65. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша нысанда қабылданады, Директорлар кеңесі мүшелерінен алынған бюллетеньдерді қолдана отырып, оған корпоративтік хатшы және Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қояды.

66. Директорлар кеңесінің ішкі отырысында қабылданған шешімдері Корпоративтік хатшы жасаған хаттамада ресімделеді, онда талқылаулар мен шешімдердің нәтижелері толық көрсетілген, отырысқа төрағалық еткен адам және Корпоративтік хатшы жиналыс өткізілген күннен бастап жұмыс 3 (үш)күні ішінде қол қояды. және мыналардан тұрады:

1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;

2) өткізу нысаны (күндізгі, сырттай немесе аралас, ашық немесе жабық)

3) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;

4) Директорлар кеңесі мүшелерінің және шақырылған - Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылмайтындардың (оның ішінде Корпоративтік хатшының) аты-жөні;

5) отырыстың күн тәртібі;

6) проблемалық аспектілер мен даулы жағдайлардың дамуын қоса алғанда, отырыстың барысын хаттамалау;

7) дауыс беру, талқылау және олар бойынша дауыс беру нәтижелері, директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелерін көрсететін мәселелер;

8) қабылданған шешімдер;

9) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

67. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары, оның ішінде Директорлар кеңесі мәжілістерінің материалдары, сырттай отырыстардың шешімдері, сырттай дауыс беру бюллетеньдері, стенограммалар Корпоративтік хатшыда сақталады және белгіленген тәртіппен қабылданғаннан бастап 2 (екі) жыл өткен соң Қоғам мұрағатына тапсырылады. Корпоративтік хатшы мұндай құжаттардың Қоғам мұрағатына тапсырылғанға дейін сақталуына жауап береді.

68. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып, Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

69. Егер Директорлар кеңесінің кемінде бір мүшесі мәселені сырттай отырыста қарауға қарсылық білдірсе, мәселе директорлар Кеңесінің келесі отырысының күн тәртібіне енгізіледі.

70. Сырттай дауыс беру арқылы шешім уақытында алынған бюллетендерде кворум болған жағдайда қабылданды деп есептеледі.

71. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) Қоғамның толық фирмалық атауы және Басқарманың орналасқан жері;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы ақпарат;
- 3) Директорлар кеңесінің мүшесіне бюллетеньдер ұсынылған күн және бюллетеньдерді қабылдау мерзімі;
- 4) толтырылған бюллетеньдер жіберілетін пошта мекенжайы;
- 5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;
- 6) дауыс беруге қойылған мәселелердің тұжырымдамасы және әр мәселе бойынша шешімдер;
- 7) әр тармақ бойынша дауыс беру нұсқалары: «жақтады», «қарсы», «қалыс қалды» және Директорлар кеңесі мүшесінің «қарсы», «қалыс» дауыс бергені немесе жеке түсініктемелері бар себептері.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жазбаша пікірлері хаттамаға қоса беріледі.

72. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі директорлар кеңесінің мүшелеріне бюллетендердің көшірмелері жіберіліп, олардың негізінде шешім қабылданған күннен бастап 20 (жиырма) күннен кешіктірілмей жіберіледі.

73. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселеге мүдделі Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, өйткені тиісті жазба Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына енгізіледі.

### **16-бап. Қоғам Басқармасы**

74. Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды алқалы атқарушы орган - Қоғам Басқармасы жүзеге асырады, оның құрамына Басқарма Төрағасы, Басқарма Төрағасының орынбасарлары және Басқарманың басқа мүшелері кіреді.

75. Қоғам Басқармасы Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.



76. Басқарма мүшесі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, директорлар Кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге және лауазымға ие болуға құқылы.

Қоғамның Басқарма Төрағасының атқарушы органның басшысы немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға лауазымында болуға құқығы жоқ.

77. Қоғам Басқармасы мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, осы Жарғымен, Қоғам Басқармасы туралы ережемен, сондай-ақ аталған тұлға Қоғаммен жасасқан еңбек шартымен анықталады. Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Жалғыз акционердің шешімімен уәкілеттік берілген адам қол қояды. Қоғам Басқармасының басқа мүшелерімен еңбек шартын Қоғам Басқармасының Төрағасы жасайды.

78. Қоғам Басқармасы мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы керек. Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімі үш жылға дейінгі мерзімге белгіленеді. Қоғамның Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімі тұтастай алғанда Басқарманың өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді.

79. Қоғам Басқармасының құзыретіне келесі мәселелер кіреді:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту және оны Қоғамның Директорлар кеңесіне алдын-ала бекіту үшін ұсыну;

2) Жалғыз акционерге Қоғам акциялары бойынша дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 сәуіріне дейін ұсыну;

3) Даму жоспарын, Қоғамның бюджетін әзірлеу, бекіту және Директорлар кеңесіне бекітуге беру;

4) Даму жоспарын, Қоғамның бюджетінің іске асуын орындау;

5), соның нәтижесінде Қоғам мүлікті сатып алады немесе иеліктен шығарады (иеліктен шығарылуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін), құны Қоғам активтерінің жалпы құнының бес-жиырма бес пайызына дейін құрайтын мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның міндеттемелерін меншікті капиталдың бес-жиырма бес пайызына дейін ұлғайту туралы шешім қабылдау;

7) басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) он пайызға дейін сатып алу (иеліктен шығару), сенімгерлік басқаруға беру (алу) туралы шешім қабылдау;

8) Қоғамның және оның филиалдарының директорлар кеңесі бекіткен қызметкерлердің жалпы санын және Қоғамның ұйымдық құрылымын ескере отырып, штат кестесін (лауазымдық жалақы мөлшері/схемасын) бекіту;

9) еңбекақы мен материалдық ынталандыруды, Қоғам қызметкерлерін әлеуметтік қолдауды реттейтін ішкі құжатты бекіту (Қоғам Басқармасы мүшелерін, ішкі аудит қызметін, корпоративтік хатшыны қоспағанда);

10) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданған құжаттарды бекіту;

11) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерінің, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның

ұсыныстарының, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарының орындалуын бақылау;

12) филиалдардың жұмысын үйлестіру және бағыттау;

13) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің құзыретіне Қоғамның осы Заңнамамен және Жарғымен қарастырылмаған өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

### **17-бап. Басқарма Төрағасы**

80. Басқарма Төрағасын Жалғыз акционер сайлайды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне кірмейтін Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма Төрағасы Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

81. Басқарма Төрағасы өз құзыреті шегінде:

1) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін, жылдық қаржылық есептілікті тексеретін аудиторлық ұйымның ұсыныстарын, сондай-ақ Қоғамның Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындауды ұйымдастырады;

2) мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау, соның нәтижесінде Қоғам мүлікті сатып алады немесе иеліктен шығарады (иеліктен шығарылуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін), құны Қоғам активтерінің жалпы құнының бес пайызын құрайды;

3) Қоғамның жауапкершілігін меншікті капиталдың бес пайызына дейін ұлғайту туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның ішкі рәсімдерін, оның ішінде тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады, Қоғамның ішкі құжаттарымен оның құзыретіне жатқызылған тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдерді бекітеді, сондай-ақ Директорлар кеңесіне Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесі туралы хабарлайды;

5) сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және денсаулық сақтау саласындағы құжаттарды қоса алғанда, Қоғамның ішкі ережелерін реттейтін құжаттарды бекітеді;

6) ішкі (қызметтік) ақпараттың қорғалуын және сақталуын камтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуына және ақпараттық жариялануына жауап береді;

7) белгіленген тәртіппен мемлекеттік құпияларды қорғауды, жұмылдыру дайындығы және азаматтық қорғаныс бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға себеп болатын жағдайлар мен жағдайларды азайту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және осы жұмысқа дербес жауап береді;

9) банктік шоттар ашады, төлем тапсырмаларына, басқа төлемдер мен өзге де есепке алу құжаттарына қол қояды;

10) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

11) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

12) Қоғамның барлық қызметкерлері үшін міндетті, оның ішінде Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын бақылау мәселелері бойынша Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

13) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда), оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және Қоғамның штат кестесіне сәйкес жалақыға жеке үстеме ақыны белгілейді; Басқарма мүшелерін, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін және Қоғамның корпоративтік хатшысын қоспағанда, Қоғам жұмыскерлеріне төленетін сыйақы мөлшері;

